## 2011 жылы тұқым шаруашылығын субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2011 жылғы 15 сәуірдегі N 67 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 11 мамырда N 2545 тіркелді. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шығыс Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2012 жылғы 05 қаңтардағы N 6/74 хаты)

Ескерту. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шығыс Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2012.01.05 N 6/74 хаты).

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 12-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Тұқым шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-1-бабына сәйкес және «Тұқым шаруашылығын дамытуға жергілікті бюджеттерден арнаулы субсидия беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 мамырдағы № 381 қаулысын іске асыру мақсатында Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға 1 қосымшаға сәйкес субсидиялауға жататын бірінші, екінші, үшінші репродукциялы тұқымдарды сатудың 2011 жылға арналған шекті бағалары белгіленсін.

2. Тұқым шаруашылықтары сатқан тұқымдарға берілетін субсидияның қалалар және аудандар бойынша 2011 жылға арналған көлемі осы қаулыға 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Ауыл шаруашылық дақылдарының түрлері бойынша бірінші, екінші және үшінші репродукциялы тұқымдардың 1 тоннасына берілетін субсидияның 2011 жылға арналған мөлшері осы қаулыға 3 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Г.В. Пинчукке жүктелсін.

*Облыс әкімі* *Б. Сапарбаев*

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2011 жылғы 15 сәуірдегі № 67 қаулысына 1 қосымша

## Субсидиялауға жататын бірінші, екінші, үшінші репродукциялы тұқымдарды сатудың 2011 жылға арналған шекті бағалары

| р/с № | Ауыл шаруашылық дақылдарының атауы | Субсидиялауға жататын бірінші, екінші, үшінші репродукциялы тұқымдардың бір тоннасын сатудың шекті бағасы, теңге | | |
|---|---|---|---|---|
| | | I | II | III |
| 1 | Күздік қара бидай | 27000 | 24000 | 21000 |
| 2 | Күздік бидай | 30000 | 27000 | 24000 |
| 3 | Жаздық бидай | 33000 | 31500 | 30000 |
| 4 | Арпа | 18000 | 16200 | 15000 |
| 5 | Сұлы | 18000 | 16200 | 15000 |
| 6 | Қарақұмық | 30000 | 27000 | 25200 |
| 7 | Бұршақ | 27000 | 25200 | 24000 |
| 8 | Күнбағыс | 120000 | 105000 | |
| 9 | Картоп | 48000 | 45000 | 4200 |
| 10 | Көп жылдық шөп – дәнді өсімдіктер | 225000 | | |
| 11 | Көп жылдық шөп – бұршақ тұқымдастар | 225000 | | |

*Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Д. Селиханов*

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2011 жылғы 15 сәуірдегі № 67 қаулысына 2 қосымша

## Тұқым шаруашылықтары сатқан тұқымдарға берілетін субсидияның қалалар және аудандар бойынша 2011 жылға арналған көлемі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ШҚО әкімдігінің 2011.08.11 № 180 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

| № р/с | Қалалар, аудандар атауы | Тұқым шаруашылықтарының саны | Субсидия көлемі, мың теңге |
|---|---|---|---|
| 1 | Семей | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | Риддер | | |
| 3 | Өскемен | | |
| 4 | Аягөз | | |
| 5 | Бесқарағай | | |
| 6 | Бородулиха | 4 | 20381,6 |
| 7 | Глубокое | 4 | 1632 |
| 8 | Жарма | | |
| 9 | Зайсан | | |
| 10 | Зырян | | |
| 11 | Катонқарағай | | |
| 12 | Көкпекті | | |
| 13 | Күршім | | |
| 14 | Тарбағатай | | |
| 15 | Ұлан | 4 | 24876,4 |
| 16 | Үржар | | |
| 17 | Шемонаиха | 1 | 4010 |
| | Облыс бойынша | 13 | 50900 |

*Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Д. Селиханов*

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2011 жылғы 15 сәуірдегі № 67 қаулысына 3 қосымша

## Ауыл шаруашылық дақылдарының сатылған бірінші, екінші, үшінші репродукциялы тұқымдарының 1 тоннасына берілетін субсидияның 2011 жылға арналған мөлшері

| р/с № | Ауыл шаруашылық дақылдарының атауы | 1 тонна тұқым құнын арзандату пайызы | Ауыл шаруашылық дақылдарының сатылған бірінші, екінші, үшінші репродукциялы тұқымдарының 1 тоннасына берілетін субсидияның мөлшері, теңге | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | I | II | III |
| 1 | Күздік қара бидай | 40 | 18000 | 16000 | 14000 |
| 2 | Күздік бидай | 40 | 20000 | 18000 | 16000 |
| 3 | Жаздық бидай | 40 | 22000 | 21000 | 20000 |
| 4 | Арпа | 40 | 12000 | 10800 | 10000 |
| 5 | Сұлы | 40 | 12000 | 10800 | 10000 |
| 6 | Қаракұмық | 40 | 20000 | 18000 | 16800 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 7 | Бұршақ | 40 | 18000 | 16800 | 16000 |
| 8 | Күнбағыс | 40 | 80000 | 70000 | |
| 9 | Картоп | 40 | 32000 | 30000 | 28000 |
| 10 | Көп жылдық шөп - дәнді өсімдіктер | 40 | 150000 | | |
| 11 | Көп жылдық шөп - бұршақ тұқымдастар | 40 | 150000 | | |

*Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Д. Селиханов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК